



Аудан айнасына 60 жыл

ІССАПАР

## ӨНДІРІС КҮШЕЙСЕ, ОТАНДЫҚ ӨНІМ МОЛ БОЛМАҚ, - деді ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы


Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының негізгі қозғаушы күштерінің бірі. Халықты азық-түлікпен қамту, ауыл тұрғындарының әлауқатын арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу секілді маңызды міндеттердің барлығы осы саламен тікелей байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған өз Жолдауларында агроөнеркәсіп кешенін дамытуға, ауыл шаруашылығына инвестиция тартуға және заманауи технологияларды енгізуге ерекше басымдық беріп келеді.

Осы бағыттағы жұмыстардың барысымен танысу мақсатында дүйсенбі күні Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы ауданымызға арнайы жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында агроөнеркәсіп саласында жүзеге асырылып жатқан жобалардың жай-күйі қаралып, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының тыныс-тіршілігімен танысты.

Нақтырақ айтқанда, вице-министр ауданға қарасты Көлқайнар ауылдық округі аумағында орналасқан «AzNur Agro» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің тауарлы-сүт фермасында болды. Қонақтарды аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы мен кооператив басшысы Мирас Әділбек қарсы алып, ферма жұмысы мен алдағы жоспарлар жөнінде кеңінен баяндады.

2024 жылғы құрылған «AzNur Agro» ауыл



шаруашылығы өндірістік кооперативі аз уақыт ішінде өңірдегі ірі сүт бағытындағы шаруашылықтардың біріне айналып үлгерген.

Жалпы құны 1,8 миллиард теңгені құрайтын жоба аясында Ресей Федерациясының Калининград облысы аймағынан 339 бас «Голдштейн» асыл тұқымды ірі қара малы әкелінген. Қазіргі таңда шаруашылықтың жылдық өндірістік қуаты 3600 тонна сүт өндіруге жетіп отыр.

Мұнда бүгінде 34 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарын еңбекпен қамтып қана қоймай, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етуде. Кооперативтегі 200 аналық бас қазіргі уақытта бұзаулап жатыр. Алынған төлді күтіп-баптау бағытында да жүйелі жұмыстар қолға алынған.

Сонымен қатар шаруашылық тәулігіне

2 тоннаға жуық сүт өндіріп, оны «Меркі ірімшік» сүт зауытына 240 теңгеден өткеруде.

Ферма жұмысымен жан-жақты танысқан Ермек Кенжеханұлы кооператив басшысымен пікірлесіп, шаруашылыққа қажетті қолдау мен өзекті мәселелер жөнінде сұрап-білді. Сондай-ақ агроөнеркәсіп саласын дамыту бағытындағы мұндай жобалардың маңыздылығына тоқталып, ұжым жұмысына сәттілік тіледі.

Өз кезегінде кооператив басшысы алдағы уақытта бұзауларды бағып-күтуге арналған қосымша құрылыс нысандарын салу жоспарда бар екенін жеткізді. Сондай-ақ өндіріс көлемін ұлғайтып, сүт өңдеу бағытындағы мүмкіндіктерді кеңейту мәселелері де кезек-кезеңімен жүзеге асырылатынын айтты.

Жалпы, мұндай ірі жобалар ауыл шаруашылығы саласының дамуына тың серпін беріп қана қоймай, ел экономикасын нығайтуға, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға зор мүмкіндік қалыптастырып отыр.

ТАҒАЙЫНДАУ

Жамбыл ауданы әкімінің 2026 жылғы 18 мамырдағы №89 өкімімен Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы Ерناзар ауылдық округінің әкімі лауазымына тағайындалды

Нұрсейіт Әсетұлы 1997 жылы 25 тамызда Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Ерназар ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Білімі – жоғары.

2019 жылы Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетін «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын 2019 жылдың қазанында Ерназар ауылдық округі әкімі аппаратында «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы бойынша уақытша жұмысшы болып бастаған. 2022-2024 жылдары Ерназар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, аудан әкімдігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің бас маманы қызметтерін атқарған. 2024 жылдан бүгінгі күнге дейін аудан әкімінің бас инспекторы қызметін атқарып келген.

«Аманат» партиясының мүшесі. Отбасында 2 бала өсіріп, тәрбиелеуде.



БІЛІМ

## ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Жуырда М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті «Практикалық шетел тілдері» кафедрасы «Полиглот» студенттік ғылыми-елтанымдық үйірмесінің жоспары бойынша «English art, literature and language» атты интеллектуалдық ойын ұйымдастырды.

Интеллектуалдық ойынның негізгі мақсаты – М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті және Тараз қаласы мен Жамбыл облысы мектептерінің арасында орнатылған тығыз байланысты жалғастыру, оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін жетілдіру арқылы олардың танымдық көзқарастарын дамыту.

→ 2



Антон Павлович Чехов говорил о своих главных персонажах: «Герой либо умирает, либо уезжает». Это и обо мне. В моей жизненной пьесе я уехала. С моим четырёхлетним сыном. Далеко. Как говорили раньше, за «бугор».

Что держит в жизни взгляд из прошлого в настоящее?

С тех пор прошло почти 33 года. Связь с моими друзьями, бывшими коллегами, хорошими знакомыми, несмотря на время и всяческие сложности, в общем не прерывалась. Недавно был звонок от моего давнего коллеги по районной газете «Шугыла-Радуга» Бахытжана Оспанова. Так сказать, весточка из прошлого. С просьбой написать о времени моей работы в «Радуге» в связи с 60-летним юбилеем районной газеты. Несколько дней перебирала в памяти события тех лет.

→ 4

ҚҰРМЕТ

## БІРІНШІЛІК ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ



Таяуда шахматтан ҚР Парламенті Сенатының «Senat Open» ашық біріншілігі аясында өткен іріктеу турнирінде Жамбыл ауданының құрамасы бақ сынады. Ширек финалда өзге аудандардың құрамаларымен тартысты ойындар өткізіп, үздік үштікті түйіндеді. Ендігі кезекте аудан құрамасы ақтық сынға, яғни республикалық біріншілікке берілетін жолдама үшін сынға түседі. Жартылай сын 1 маусымда Тараз қаласында өтеді.

→ 6

## ЖАЗЫЛЫМ-2026

Жамбыл аудандық «Шугыла-Радуга» газетіне «Қазпошта» АҚ және редакция арқылы 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу мерізі аяқталды

**KAZPOST**

6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ  
ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ:  
2-17-98, 8 747 659 42 68

## ҚАБЫЛДАУ

ТҰРҒЫНДАРДЫ  
НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Дүйсенбі күні аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы жергілікті тұрғындарды жеке сұрақтарымен қабылдады. Оларды не толғандыратынын біліп, сауалдарына заң шеңберінде жауап берді.



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Қабылдауда азаматтар жеке бастың мәселесін тілге тиек етті. Бірі тұрғын үйге мұқтаж болса, енді бірі тұрақты жұмысқа орналасқысы келеді. Ерназар ауылының тұрғыны Құралай Шөпшенова тұрғын үй мәселесі бойынша қайырылса, шоқайлық Гүлнара Шалқарбаева қолында математика пәнінің дипломы бар ұлының мектепке жұмысқа тұруына ықпал етуін өтінді.

Өз кезегінде өңір басшысы баспана мәселесі тек заң шеңберінде ғана шешімін табатынын, кезектілікпен берілетінін айтты. Жоғары білімді жас азаматтар аудан мектептеріне керек екенін алға тартып, бұл мәселені шешуді аудандық білім бөлімінің басшысы Қуаныш Бақытұлына тапсырды.

Қабылдауға өзге де азаматтар кірді. Барлығының айтары бір, яғни баспаналы болсақ дейді. Осы мәселе бойынша үн қатқан «Отбасы банк» өкілі Жұлдыз Мейірманова мән-жайды тарқата түсіндірді.

Соңы. Басы 1-бетте

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫН  
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Дана АЛТЫНБЕКОВА,  
«Практикалық шетел  
тілдері» кафедрасының  
аға оқытушысы.

Шараға Тараз қаласындағы №35 орта мектеп пен Байзақ ауданындағы Ақшолақ орта мектебінің оқушылары және Жоғары медициналық колледжі мен Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінің студенттері қатысты.

Интеллектуалдық ойын үш кезең бойынша өтті. Алғашқы кезеңде қатысушылар «Каһоот» қосымшасымен жұмыс жасады. Қосымшада өнер, әдебиет және тіл бағыттары бойынша 25 сұрақ берілді. Осы кезеңде жинаған ұпайларына байланысты 8 оқушы ІІ кезеңге өтті. Ал екінші кезеңде «Jeopardy» қосымшасындағы ұяшықтар 5, 10, 15 балдық көрсеткішпен орналасты. Оқушылар берілген тақырыптар аясында әр ұяшықтан өздеріне ұнаған санды таңдап, ішіндегі сұрақтарға жауап берді.

Ұяшық сұрақтары жазылған сандарына байланысты оңай деңгейден қиын деңгейге көтеріліп отырды, сәйкесінше сол сандар «балл» болып есептелді.

Ақтық кезең оқушылардың сөйлеу қабілеттілігін жетілдіруге байланысты құрылған. Экранда берілген ұяшықтың бірін таңдау арқылы белгілі бір тақырыпта оқушылар өздерінің ауызекі сөйлеу мәнерінің мүмкіндігін көрсетті. Ұяшықты бірінші болып таңдау мүмкіндігі балл жиынтығы жоғары оқушыға берілді.

Нәтижесінде І орынды Көркем Жұмабай (Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің студенті, жетекшісі М.Тойынбекова), ІІ орынды Екатерина Джабагиева (№35 орта мектептің оқушысы, жетекшісі С.Жарылқасын) мен Балауса Оразбай (Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің студенті, жетекшісі М.Тойынбекова) ІІІ орынды Маржан Қалмұрат (№35 орта мектептің оқушысы, жетекшісі С.Жарылқасын), Роза Сәкенқызы (Жоғары медициналық колледжінің студенті, жетекшісі Б.Қырықбаева), Аружан Аден (Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің студенті, жетекшісі М.Тойынбекова) иеленді.

Үздік шыққандар дипломдармен марапатталды.

## МАРАПАТ

Ауданымызда игілікті ісімен қоғамға пайдасын тигізіп жатқан жандар аз емес. Солардың бірі – арда азамат Абдухамит Юнусов. Күні кеше Абдухамит Қаһарұлы Жамбыл ауданының Құрметті ардагері атанды. Оны аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев арнайы қабылдап, кеудесіне төсбелгіні тағып, азаматтық қоғамның дамуына елеулі үлес қосқаны үшін ризашылығын білдірді.

## Құрметті ардагер атанды

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Төсбелгі иесі Абдухамит Юнусовтың қуанышына Жамбыл ауданының Құрметті азаматы Сәпілмәлік Тәжиев, Гродеково ауылының спорт нұсқаушысы Әділбек Бейшекеев, жұбайы Минира Юнусова ортақтасып, ізгі тілектерін арнады. ҚР дүнген этно-мәдени орталығының төрағасы Зайнутдин Махусеев, облыстық этно-мәдени орталығының төрағасы Зиявдин Жамалов, мүшелері Абдулхамит Умаров, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы Хайрулла Азимов те жылы лебіздерін жеткізді.

Айта кетерлігі, Абдухамит Юнусов бильярдтан аудандық, облыстық, республикалық турнирлердің жеңімпазы. Жуырда



ардагерлер арасында өткен республикалық турнирде топ жарып, ел чемпионы болды. Ұлы Жеңіс күніне орай облыс ардагерлері

арасында ұйымдастырылған «Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты облыстық спартакиадада бірінші орын иеленді.

## Жамбыл ауданы Ерназар ауылдық округі әкімін тіркеу туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14, 45, 113-11-баптарына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 18 мамырдағы шешімімен 2026 жылғы

17 мамырда сайланған Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы Жамбыл ауданы Ерназар ауылдық округінің әкімі болып тіркелді.

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

## Сообщение о регистрации акима Ерназарского сельского округа Жамбылского района

В соответствии со статьями 14, 45, 113-11 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» решением Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии от 18 мая 2026 года Сәдір

Нұрсейіт Әсетұлы, избранный 17 мая 2026 года, зарегистрирован акимом Ерназарского сельского округа Жамбылского района.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

## 2026 жылғы 17 мамырда өткен Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Ерназар ауылдық округі әкімін сайлау қорытындылары туралы хабарлама

2026 жылғы 17 мамырда Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Ерназар ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Сайлаушылар тізіміне 875 азамат енгізілді. Дауыс беруге – 598 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша – 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 0 сайлаушы қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны – 3. Ерназар ауылдық округі әкімінің сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

Ерназар ауылдық округі бойынша: Базарбек Елдос Қанатұлы үшін сайлаушылардың 44 дауысы берілді;

Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы үшін сайлаушылардың 514 дауысы берілді;

Ыбышев Дулат Бахытулы үшін сайлаушылардың 33 дауысы берілді;

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 1.

Сайлау қорытындыларымен Ерназар ауылдық округінің әкімі болып Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы сайланды. 1997 жылы туған, Жамбыл ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Ерназар ауылының тұрғыны.

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

## Сообщение об итогах выборов акима Ерназарского сельского округа Жамбылского района Жамбылской области, состоявшихся 17 мая 2026 года

17 мая 2026 года состоялись выборы акима Ерназарского сельского округа Жамбылского района Жамбылской области.

В список избирателей включены 875 граждан. В голосовании приняли участие – 598 избирателей, из них по открепительным удостоверениям – 0, вне помещений для голосования – 0.

Общее число кандидатов – 3. Установлены следующие итоги выборов акима Ерназарского сельского округа:

по Ерназарскому сельскому округу: за Базарбек Елдоса Қанатұлы подано 44 голоса избирателей;

за Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы подано 514 голоса

избирателей; за Ыбышева Дулата Бахытулы подано 33 голоса избирателей;

число бюллетеней с отметкой «Против всех» – 1.

По итогам выборов акимом Ерназарского сельского округа избран – Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы. 1997 года рождения, главный инспектор аппарата акима Жамбылского района, проживает в селе Ерназар Жамбылского района Жамбылской области.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

ЕРТЕҢ – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

# Мәдениет – ұлт өмірінің айнасы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет саласына қатысты: «Мәдениет пен өнердің ағартушылық әлеуеті орасан зор. Бұл сала ұлт санасын жаңғыртуға ерекше ықпал етеді. Өскелең ұрпақ тәлім-тәрбие алады. Қоғамда жаңа этика мен құндылықтар қалыптасады. Мәдениет және өнер қызметкерлері осы маңызды жұмысқа зор үлес қоса береді деп сенемін», – деген еді. Мәдениет және өнер қызметкерлері күні қарсаңында аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жансая Оспановамен сұхбаттасып, салада атқарылған жұмыстар туралы білген едік.



– Үйірме жұмысы туралы айтсаңыз.  
– Аудандық мәдениет үйі мен ауылдық клубтарда жалпы саны 71 үйірме жұмыс істейді. Оның 57-сі – балалар үйірмесі. Балалар үйірмесіне әлеуметтік жағынан аз қамтылған, қиын топтағы балалар тартылып, бос уақыттарын тиімді пайдалануға барынша жағдай жасалуда. Үйірме қағысушылары 1 халықаралық, 2 облыстық байқауда жеңімпаз атанды.  
– Үстіміздегі жылға

сазгер Кеңес Дүйсекеевтің 80 жылдығына арналған «Сәлем саған, туған ел!» атты аудандық байқау өткізіледі.  
– Кәсіби мерекеге орай әріптестеріңізге қандай лебіз арнайсыз.  
– Мәдениет және өнер қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтаймын! Бұл күн – адамзатты ізгілікке баулып, мейірімге үндейтін, сұлулыққа құштар, жарастыққа толы әлемге сенетін, болашақ

– Жансая Жолтайқызы, ауданда неше мәдени нысан, қанша қызметкер бар?

– Аудан бойынша 38 мәдениет нысаны, яғни 1 аудандық мәдениет үйі, 4 ауылдық мәдениет үйі, 10 ауылдық клуб, 1 орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, 20 ауылдық кітапхана, балалар мен жасөспірімдер кітапханасы және аудандық тарихи-өлкетану музейі бар. Барлығы 248 қызметкер, яғни 10 әкімшілік, 119 шығармашылық, 119 техникалық қызметкер жергілікті халыққа мәдени қызмет көрсетуде.

– Ағымдағы жылы атқарылған жұмыстардан хабардар етсеңіз.

– Бөлім тарапынан мәдени-әдеби іс-шараларды ұйымдастыру, жергілікті халықты іс-шараларға тарту бойынша жұмыстар жоспарға сәйкес жүйелі жүргізіліп келеді. Былтыр жалпы саны 1810 мәдени іс-шара ұйымдастырылып, оған 67647 адам қатысты. Нақтырақ айтқанда, бөлім тарапынан 22 іс-шара ұйымдастырылса, аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі 1090 әдеби-мәдени іс-шара, аудандық мәдениет үйі 632 мәдени іс-шара, аудандық тарихи-өлкетану музейі 66 мәдени іс-шара өткізді.

жоспарланған жұмыстарға тоқталсаңыз.

– Биылғы жылы «Ал, кәнекей әжелер» атты аудандық әжелер сайысы, «Бала АРТ-2026», «Bala Fest-2026» аудандық жасөспірімдер байқауы, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына орай «Жыр алыбы – Жамбыл» атты аудандық жас ақындар іріктеуі, Әкелер күніне орай «Әкем – асқар тауым» атты аудандық әкелер байқауы, «Сағындырған әндер-ай» атты ретро-ән кеші, «Ауылым – алтын бесігім» өнер фестивалі,

үшін жасампаздыққа бастайтын ардақты кәсіп иелерінің мерекесі. Олардың еңбегі мен шығармашылығы біздің мәдениетімізді байытып қана қоймай, қазақы дәстүрлердің, өнер мен тарихтың байлығын паш етеді. Олар атқарған қызмет – қоғам үшін аса маңызды. Баршасына зор денсаулық, шығармашылық табыс, жарқын жетістіктер тілеймін!

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан  
Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ.

Мәдениет пен өнер – ел өміріндегі өте маңызды сала. Өнер – ұлттың жаны, ал мәдениет – рухани келбеті. Бұл қос құндылықты өркеніміздің өзегі деуге болады. Оны сақтап, байыта түсу – ортақ парыз. Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлы «Мәдениет тарихы – түптеп келгенде адамзат тарихы» деген. Қазақтың бітім-болмысын оның төл өнерінен көруге болады.

## Өркеніміздің өзегі

21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні. 2013 жылдан бері атап өтіліп келе жатқан бұл кәсіби мереке – еліміздің мәдениеті мен өнері саласында қызмет етіп жүрген әрбір адам үшін ерекше күн. Мемлекеттің мәдениеті жоғары болса, еңесі биік, рухы асқақ болады. Осы жауапты да қастерлі миссияны лайықты орындап келе жатқан мәдениет саласы қызметкерлерінің еңбегі ерен.

Аптаның жеті күнінде түрлі аудиторияларда, кітапханалар мен музейлерде, мәдениет үйлерінде, ауыл алаңдарында үздіксіз өтіп жататын сан түрлі мазмұндағы, ірілі-ұсақты, алуан сипат-көріністі мәдени іс-шараларды, концерттер мен қойылымдарды, көрмелерді, шығармашылық кештерді белгіленген уақытында, асқан жауапкершілікпен,

көпшіліктің көңілінен шығатындай тап-тұйнақтай атқарып шығу – мәдениет саласы қызметкерлерінің әдепкі жұмысы, сан-салалы қызметінің бір сәті ғана. Мұның бәрі айтуға ғана оңай. Оның артында басшылықтың ұйымдастырушылық қызметінен, қызметкердің орындаушылық жауапкершілігіне дейінгі қаншама күш-жігер, төгілер тер жатыр.

Құрметті мәдениет саласының қызметкерлері мен ардагерлері! Атаулы күн құтты болсын! Еліміздің мәдени, рухани өмірін гүлдендіріп, өнерін асқақтату жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын!

Бақыт СЫРЛЫБАЕВ,  
Жамбыл ауданының  
Құрметті азаматы, мәдениет  
саласының ардагері.



## Тұрғындардың қуанышын еселейтін күн жақын

Бүгінде елімізде мәдениет саласын дамыту мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналып отыр. Рухани құндылықтарды жаңғырту, ұлттық өнер мен дәстүрді дәріптеу, сондай-ақ халықтың мәдени деңгейін көтеру – қоғам дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында мәдениет қызметкерлерінің еңбегін лайықты бағалау, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, жалақыларын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударуда.



Мақсат ЖҰМАБАЕВ



рухани өмірін жандандыруға бағытталған маңызды әлеуметтік жоба болып табылады.

Құрылыс жұмыстары 2025 жылдың мамыр айында басталып, биыл толық аяқталады деп жоспарланған. Жобаны жүзеге асырушы мердігер мекеме – «АКМ Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Ал құрылыс барысына техникалық және авторлық қадағалауды тиісті жауапты ұйымдар жүргізуде.

Жаңа мәдениет үйі пайдалануға берілгеннен кейін ауыл тұрғындары үшін кең мүмкіндіктер ашылады. Мұнда түрлі мәдени-көпшілік іс-шаралар, концерттер, театрландырылған қойылымдар, әдеби кештер мен маңызды кездесулер ұйымдастыруға жағдай жасалады. Сонымен қатар жастар мен балаларға арналған үйірмелер ашылып, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.



Соңы. Басы 1-бетте

# Что держит в жизни взгляд из прошлого в настоящее?

Когда я после окончания факультета русского языка и литературы Джамбулского педагогического института решила попробовать себя в журналистике, в редакции «Радуги» на тот момент была вакансия корреспондента. Написав несколько статей о школе (это был август 1979 года), была принята на эту должность. Работа оказалась многообразной и интересной. Но еще более многогранной, чем я её себе представляла. Журналистика, на мой взгляд, это сама жизнь. Любый человек, любая история или явление могут быть темой для репортажа, зарисовки, короткой информации или большой аналитической статьи. От того, как преподнесена та или иная история, создаётся коллективная память. Она остаётся в головах людей и на бумаге. Потомки могут прочитать. Меня увлекала возможность создавать эту память. С удовольствием писала о школе и культурных событиях в районе, готовила зарисовки о людях разных профессий, знатоках своего дела. Самое интересное заключалось для меня в том, что в разной ситуации, в каждой новой истории мне самой приходилось глубже вникать в происходящее и пытаться понять ту или иную позицию или мнение других. То есть жизнь, которую я описывала, учила меня анализу и пониманию других. В силу того, что газета была переводной, на творческую работу оставалось мало времени.

В те годы ответственным секретарем газеты был Лесбек Азбергенов. Очень педантичный и дисциплинированный сам, он требовал от всех сотрудников такой же отдачи. В день выхода газеты мы чувствовали себя, как на «передовой». «Материал в номер и как можно быстрее» – звучало как приказ, и было главной задачей. Процесс подготовки газеты в номер был длительным и изнуряющим. При хронической нехватке кадров корреспондентов и переводчиков, при



устаревших и склонных к поломке полиграфических машин коллективы редакции и типографии каким-то удивительным образом всё-таки справлялись с главной задачей – чтобы газета вышла в назначенный срок. Не раз дежурство по выпуску газеты заканчивалось под утро. Это были, как мне тогда и сейчас представляется, нестандартные ситуации. Возможным делом это ответственные люди. Такие, как редактор Базар Килибаев, заместитель редактора Владимир Стасюк, ответсекретарь Лесбек Азбергенов, фотокорреспондент Валентина Агибалова, корреспонденты Вячеслав Ириархов и Болат Жаппаров, переводчик Бахытжан Оспанов, секретарь-машинистка Галина Мамурзаева и многие другие.

Что мне лично дала работа в редакции «Шұғыла-Радуга»? Понимание, что газета создаётся коллективно, каждый вносит свою часть работы,

отдаёт свои знания и умения, чтобы получилось общее «детище», которое охотно читают и обсуждают люди. То, что должна быть обратная связь с читателями. То, что газета должна быть, как говорится, на злобу дня. Тогда, в начале моей журналистской карьеры, я поняла, что это самая интересная работа, которая требует от тебя самодисциплины, совершенствования знаний большого спектра, умения перевоплощаться. Но, прежде всего, интереса к людям и жизни. Время работы корреспондентом, а затем исполняющей обязанности заместителя редактора научило меня больше ценить людей обязательных, от которых зависит создание газеты, научило находить компромиссы в решении возникающих задач. Это была в значительной мере школа жизни, которая укрепила и веру в себя, в свои возможности. После «Радуги» короткое время

работала корреспондентом многотиражки «Ленинский завет», а затем корреспондентом и старшим корреспондентом областной газеты «Знамя труда» вплоть до моего отъезда в Германию в 1993 году.

## ВЗГЛЯД ИЗ ПРОШЛОГО В БУДУЩЕЕ

Это были лихие 90-е. Люди моего поколения, думаю, хорошо помнят обстановку тех лет. Осознание необходимости отъезда из страны было для меня долгим и тягостным процессом. Вспоминались слова моей мамы, которая, сколько я себя помню, говорила: «Мы когда-нибудь должны будем уехать на родину наших предков». Отец молча соглашался. Они, репрессированные сталинским режимом поволжские немцы знали, о чем говорили. Будучи ещё молодыми, они пережили депортацию в Сибирь в августе 1941 года, голод, холод и непосильную работу в трудовых лагерях. В конце войны моя мама попала по навету и в тюрьму. Первопричиной тяжелейших судеб моих родителей, как и миллионов других, была 5-я графа в паспорте, где стояла национальность – немец. Эта же графа стала отправной точкой в конце 80-х, когда начался массовый выезд советских немцев на жительство в Германию. Исторический круг завершился.

Сегодня, по прошествии стольких непростых лет, мне хочется с убеждением сказать следующее: можно на всё произошедшее смотреть, как на катастрофу. А можно и нужно более оптимистично. Как на исторический шанс, как на возможность взаимодействия разных схем жизни, развития государственных и человеческих отношений, развития туризма как в Казахстане, так и в Германии. Этот потенциал и интерес, на мой взгляд, всё время присутствует. Можно сказать, я живу сейчас вторую жизнь. Она радикально отличается от прежней. Первая

закончилась на границе при выезде. Пришлось поменять практически всё. И многому учиться. То, что мама всегда настаивала на том, чтобы мы разговаривали на своём родном языке, сыграло решающую роль. Его надо было теперь только совершенствовать, а не учить с нуля. В первые годы в Германии много помогала в адаптации таким же приехавшим, как и я, использовала свои языковые знания. Пробовала себя во многих профессиях. Была переводчиком-консультантом при городской ратуше, работала в частной страховой компании, воспитателем в детском саду. В эти годы печаталась в местной прессе. Всё это время одна мысль не давала мне покоя. Постепенно она переросла в мечту: использовать мой педагогический потенциал, мою изначальную профессию учителя. На этой основе организовала небольшой частный детский сад, работала в контакте с окружной комиссией по детским вопросам. 20 лет моей самостоятельной воспитательной деятельности были насыщенными и интересными. Часто приходилось принимать неординарные решения. И тут на помощь приходили навыки из прошлой жизни: сохранять спокойствие, иметь терпение и верить в завтрашний день. Школа «Радуги» помогла мне и в новой жизни. Вспоминая прошедшие годы, остаюсь с мыслью: ничего в этой жизни не проходит бесследно, всё взаимосвязано. Задача людей – не сжигать мосты за собой, а строить. Это более благородная миссия, чем разрушение. И тогда через года можно с чистой совестью возвращаться туда, где ты начинал свой путь. Или с тихой грустью вспоминать о коллегах, которых уже с нами нет. Светлая им память! С юбилеем, моя первая газета!

**Эмма МАЙНИНГЕР,**  
корреспондент газеты  
«Шұғыла-Радуга»  
в 1979-1985 годы.

## МАМАН ТҮСІНДІРЕДІ

**Жыл басынан бері Жамбыл облысындағы халық қызмет көрсету орталықтарында дербес менеджер қызметін 410 адам пайдаланған. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда сервиске деген сұраныс айтарлықтай артқан. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Жамбыл облысы бойынша филиалы хабарлайды.**

## ДЕРБЕС МЕНЕДЖЕР ҚЫЗМЕТІН 410 АДАМ ПАЙДАЛАНҒАН

Дербес менеджер қызметі мемлекеттік қызметтерді жалпы кезекте күтпестен жеке форматта алуға мүмкіндік береді. Маман құжаттарды рәсімдеудің барлық кезеңінде қызмет алушыны сүйемелдеп, кеңес береді және қажетті қызметтерді жедел алуға көмектеседі. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2025 жылдың осы кезеңінде бұл қызмет түрін өңірдің 328 тұрғыны пайдаланған.

Осылайша, сервиске деген сұраныс артып келе жатқаны байқалады.

– Дербес менеджер қызметіне ең жоғары сұраныс Байзақ аудандық ХҚКО-да тіркелді. Мұнда қызметті 89 адам пайдаланған. Екінші орында – Тұрар Рысқұлов ауданының ХҚКО, онда 72 адам жүгінген. Үшінші орында – Тараз қаласы, мұнда қызметті 63 адам

пайдаланған. Дербес менеджер сервисі мемлекеттік қызметтерді алу ыңғайлылығын арттыру және қызмет алушылардың уақытын үнемдеу мақсатында іске қосылған. Бұл әсіресе уақыты тығыз тұрғындар үшін қолайлы, – деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Жамбыл облысы бойынша филиалының директоры Батырхан Токтағұл.

Дербес менеджерге талонды және толығырақ ақпаратты ХҚКО-дағы ресепшн қызметінен алуға болады. Қызмет құны – 5697 теңге.

Естеріңізге сала кетейік, өңір тұрғындары дербес менеджерді үйге шақыру қызметіне де тапсырыс бере алады. Сонымен қатар дайын құжаттарды тәулік бойы жұмыс істейтін постоматтар арқылы алуға немесе көрсетілген мекенжайға жеткізу қызметін рәсімдеуге мүмкіндік бар.

**Іңкәр СҮЛЕЙМЕН,**  
аудандық халыққа қызмет көрсету орталығының жетекші маманы.

ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ТУҒАНЫНА – 185 ЖЫЛ



Алтынсарин ұрпақтары Жамбыл жерін мекен етті

**Бұл жолы да Әулиеатағы ерекше қасиетіне көз жеткіздім. Біле тұра миымда кішкентай бір «эврика» пайда болғанда жаңадан танығандай боламын. Жаңалық ашар жайым жоқ. Мақсатым – ұмыт болғанды еске салу ғана.**

Расында да Әулиеата жері тектен тек «әулие» аталмағанын тарих сан рет дәлелдеді. Бұған дейін бұл мекенге талай азаматтың ат басын тірегенін айттық. Оның ішінде Алаштың ардақтылары Міржақып Дулатов пен Сәкен Сейфуллин де бар еді. Ол жайлы екі тұлға да өз жазбаларымен дәйектеп кеткен.

Қызығы, мұнда келген зиялыларымыз түбі құдаласпай кетпепті. «Алтын шыққан жерді белден қаз» дегендей, тағдырдың тезімен туыстықты жалғай түскен екен.

Торғайдың даласынан Әулиеатаға ешкім себелсіз келмегені белгілі. Бұған дейін жазған деректі шағын мақалалардың ізі үнемі Ыбырай Алтынсариннің шәкірттерімен байланыстырылатын еді. Бұл жолы әңгіме ұстаздың өзі туралы болмақ.

Биыл – ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қазіргі Қостанай өңірінде дүниеге келді. Әкесі Кенесары Қасымұлының шапқыншылығы кезінде қайтыс болып, оны атасы Балқожа би тәрбиеледі. Атасы Балқожа Жаңбыршыұлы – ел ішінде беделді би, патша әкімшілігімен қызметтік байланыста болған тұлға. Ыбырайдың бойындағы шешендік, әділдік, ұйымдастырушылық қабілет осы ортада қалыптасты. Ол қазақ даласында орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектеп жүйесін енгізді, оқу бағдарламасын жасады, оқулықтар жазды. Ол жанашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу-маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. Сөйтіп, өзі өмір сүрген дәуірдің мұрат-мүддесіне, ұрпақ тәрбиесіне жарата білген тұлға. Ал оның заманы тарихтың бір аумалы-төкпелі кезеңі болған еді. Өйткені «актабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» кейін қазақ жеріне Ресей патшалығының сұғы қадалып, кезең-кезеңімен жаулап бастаған. Қазақ халқы небір зорлық-зомбылықты басынан өткеріп жатты. Сол бір кезеңдерде қазақ батырлары бастаған азаттық жолындағы күрестер біріне-бірі жалғасқан еді.

Қиы кезеңде ат жалын тартып мінген Ыбырай Алтынсарин білім ұранын көтерді. Елді қорлықтан құтқаратын, игілікке бастайтын жол тек білім деп есептеді. Сондықтан да хан Жәңгірдің ізімен қазаққа қолжетімді білім жүйесін жасауды мақсат етті. Мақсатына жетті де.

Ол жазған еңбектер жаңа замандағы қазақтың тұңғыш төл оқулықтары еді. Жаңа заман дәйегіміз, бұл кезең европалық білімнің қазақ даласына әлі келе қоймаған тұсы. Дегенмен ол білімнің ел үшін аса маңызды екенін Ыбырайдың атасы Балқожа би ертерек ұқса керек.

Қазақ даласында, Торғайда 1864 жылы тұңғыш рет қонырау үнімен Ыбырайдың тұңғыш мектебі ашылды. Кейін Ырғыз, Қостанай, Ақтөбе өңірлерінде училищелер, колонер және қыздар мектебі ұйымдастырылды. Бұлар Ыбырайдың тікелей қатысуымен ашылған мектептер болатын. Ал оның артында мұндай мектептер тұтас қазақ даласында кезең-кезеңімен ашылып, тоқтаусыз жұмыс жасай бастады. Бір қызығы, сол заманда Ыбырайдың ұйғыты болуымен ашылған кей мектептер әлі күнге дейін өз қызметін тоқтатпаған. Мұны қалайша мәңгілік игі іс демейсің?!  
Ыбырай Алтынсарин 1879 жылы Торғай облысының мектеп инспекторы болып тағайындалды. Қызмет оған мектеп ашып, білім саласын жүйелеуде аса маңызды құрал болды. Сол арқылы ол ауылшаруашылық, колонер, қыздар білімін дамыту ісіне ерекше көңіл бөлді.

Заман ағымы бірқалыпты тұрмайды. Бәрі де өзгеріске ұшырайды. Өлмейтіні – ғылым. Қоғамға шырақ болып жанатын білім ғана. Ал ол салдырған мектептер қаншама азаматтың көкірек көзін ашып, ел үшін қызмет етуге себепкер болды.

Ыбырайдың кейінгі замандарда дүниеге келген қазақ әдебиеті мен тарихының шоқтығы биік қай тұлғасын алсақ та өмірбаянында алғашқы білімі екі жылдық орыс-қазақ мектебімен басталады. Одан әрмен Торғайдағы мұғалімдер даярлайтын мектептің түлектері де баршылық. Бұл дегеніміз, оның бәрі де Ыбырайдың мектебінен шыққан түлектер ғой.

Ыбырайдың алғашқы түлектерінің бірі – Қалмұханбет Танкин болатын. Ол туралы жазба деректерде көп кездесе бермейді. Алайда Қостанайдағы Ыбырай музейінің



Немересі Назима Ыбыраева

ашық деректеріндегі шәкірттерінің тізімі көрсетілген құжаттан Нұрмұханбет Танкин есімін көз шалды. Сәйкестік емес. Ол біз білетін Танкиннің бауыры. Шамасы, Қалмұханбет елден ертерек кеткен соң, құжаттарға тіркелмей қалған. Дегенмен оның Ыбырай мектебінің түлегі екенін ақын әрі туысы Ғафу Қайырбеков өз мақаласында жазады. Сәкен Сейфуллиннің Әулиеатаға келгендегі пана ететін үйі де осы Қалмұханбеттікі. Бірде Қалмағанбет, бірде Қалыбай деп те жазылып жүр. Толық атын ресми құжаттан ғана білдік.

Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр өзінің естелік кітабында әкесі Әулиеатаға барғанында қонақ еткен азамат ретінде Қалыбайдың есімін атаса, оның ұлдары Әбік және Қалықпен кейінірек, 1934 жылдары Алматыда тұрғандарында етене жақын араласқандарын, ағайындық туыстығын сөз еткен. Тіпті жары Әбенмен де Әбіктің үйінде танысыпты. Ағайындығы сол – Әбіктің әкесі Қалмұханбет Торғайдың тумасы, арғыннан тарайтын аталас туыстығы бар.

Жамбыл облысының мемлекеттік архивінде Әбік Танкиннің өмірбаяны сақтаулы. Онда ол әкесі туралы құнды деректерді баяндапты. Орыс тілінде толтырылған құжаттың басы: «Әкем Халмұхамед Торғай ауданында кедей отбасында дүниеге келген. Екі жылдық орыс-түзем мектебінде білім алған (ол кездегі Ыбырай ашқан орыс-қазақ мектептерін солай атаған. Ондай мектептер кейінірек Әулиеата өңірінде де болды. Ол жайын төменде тарқатын – автор). Оқуын жалғастыруға мүмкіндігі болмай, нан табу қамымен жастайынан Әулиеатаға келеді», – дейді.

Мұнда Қалмұханбет Әулиеата уездік бітімгер (мировой) соттың тілмашы қызметін атқара жүріп, мал шаруашылығымен айналысқан. Осы жерден өмірлік серігін тауып, тұрақтаған. Ал оның жары Жәмила Бұралқы болыстың балдызы еді. Бұл жайлы да ішінара Гүлнәр Дулатованың естелігінде айтылған.

1917 жылдың қазанынан кейін революциялық трибуналда аз уақыт қызмет етіп, сосын уездік жер-су қатынастары бөлімінде жауапты лауазымда болған. Әулиеата уезі Шу учаскесінің халық соты қызметін де атқарды. Ал 1924 жылы жасы келген соң, қызметтен кетіп, тек мал шаруашылығымен айналысты делінген құжатта. 1929 жылы ұжымдастыру кезінде Свердлов (қазіргі Байзақ ауданы) ауданына қарасты Ақшұлақ ұжымшарына мүше болыпты. Бұл кезде оның бажасы Бұралқы Сұлтанбеков ірі бай ретінде тәркіленіп, отбасымен бірге Оралға жер аударылған еді. Былайша айтқанда, Қалмұханбетті сол жолы құдай сақтаған. Мүмкін, сол Ыбырай ашқан сауаты да сақтаған болуы керек.

1931 жылы Қалмұханбет Танкин егде жасында дүние салған екен. Ғафу Қайырбеков өз жазбасында оның шамамен жетпіс жасқа қараған шағында өмірден өткенін айтады. Олай болса, Қалмұханбет шамамен 1860-64 жылдары туған. Ал Әулиеатаға 1878 жылдары көшіп келді деуге негіз бар.

Бұл жылы Әулиеатада алғашқы екі жылдық орыс-түзем мектебі ашылған еді. Ол жайында Ташкенттегі Әлішер Науаи атындағы мемлекеттік кітапхана қорында сақтаулы тұрған «Түркістан ведомостарының» 1878 жылғы 13 маусымдағы №23 жазбасында жазылған. Онда былай делінген: «Оқу ведомствосы бойынша бұйрық. 1878 жыл, 24 мамыр, №64. Сырдария облысының әскери губернаторының өтініші мен училищелердің бас инспекторының ұсынысына сүйене отырып, 1878 жылғы 10 маусымнан бастап Әулие-Ата қаласында екі сыныптық қалалық училище ашуға рұқсат етемін. Түпнұсқаға қол



Ыбырай Алтынсарин мемориалды музейінен

қойған — генерал-адъютант Фон-Кауфман». Бұл мектеп 1905 жылы үш сыныптық білім беру училищесі, 1914 жылдан бастап жоғары бастауыш училищесі деп өзгертілген. Ал Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Ленин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп болса, бүгінде ол Тараз қаласындағы №1 Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-гимназия болып өз қызметін жалғап тұр.

Қалмұханбеттің дәл Әулиеатаға келуі де сол ұстазының бағыттауы болса керек. Ыбырай Алтынсарин өз шәкірттерінің басым бөлігіне ақыл-кеңесін айтып, мүмкіндігінше жәрдем еткенін естелік жазбалардан аңғаруға болады.

Расында, бұл азаматтың үлкен бір ерлігі – Алаш ісіне адал қызметі еді. Ол жайлы ашық деректерде де, архивтік құжаттарында да айтылмайды. Дегенмен оның үйі Алаш арманын арқалаған азаматтардың ат басын тіреп, сонда талай мәселені шешіп, мәслихат құратын қасиетті шаңырақ болғанын тағы да естелік жазбалар айғақтайды. Ал бажасы Бұралқы болыс Алаш азаматтарының демеушісі де болған. Өйткені ұлы Мұстафа да сол азаматтардың қатарынан табылды.

Мұндай орыс-түзем мектебі Меркі жерінде де болды. Онда Тұрар Рысқұлов, Қабилбек Сарымолдаев, Максұт Жылысбаев және өзге де жиырмаға жуық өрелі ел азаматтары оқыған. Оларды да Ыбырай мектебінің шәкірттері десек, қателеспеспіз. Олар да Қалмұханбет Танкинмен етене жақын еді.

Ыбырай шәкірттерінің тағы бірі Қалмұханбеттің қасында Әулиеатада қызмет етті. Ол – Жұмыр Исмуризин. Қалмұханбетке қарағанда, Жұмырдың есімі Ыбырай мектептері түлектерінің тізімінде бар. Сондай-ақ оның есімі Міржақып Дулатовты Әулиеатаға шақырған адвокат ретінде де сақталған. Расында, дерек аз. Партия қатарында болмаған. Дегенмен, ашық деректер базасында өткен ғасырда саяси қуғын-сүргін құрбаны ретінде Қостанайда ұсталып, атылған деген ақпарат бар. Онда Жұмырдың 1898 жылы Қостанайдың Әуликөлінде туғаны, 1937 жылы желтоқсанда ұсталып, атылғаны көрсетілген. Ізденіс жұмыстары Әуликөлдегі мектептің тарихына алып келді. Ондағы қасірет – зұлмат жылдары мектеп директорынан бастап, оннан аса ұстаздың «халық жауы» ретінде атылып болатын. Ал тағы оны он жылға түрмеге тоғытылған. Сол атылғандардың тізімінде Жұмыр Есмұрзин де бар еді. Онда 39 жасар Жұмырдың 1916 жылы мұғалімдік оқуды тәмамдап, Қарабалық ауданында жұмыс жасағанын көрсетеді. 1936-1937 жылдары Әуликөлдегі Мирзоян атындағы мектепте еңбек еткен. Бұл деректерде оның Әулиеатадағы қызметі айтылмайды. Бірақ бізде Міржақыптың өз жазбасында да, Темірбек Қожеевтің мақаласында да Жұмырдың торғайлық екені анық айтылған. Яғни, бұл сол Міржақыпты Әулиеатаға шақырған азамат. Міржақып та танымайтын адамның шақыртуын қабыл алуы екіталай екені анық. Оның үстіне М.Дулатов та сол Ыбырай мектебінің түлегі болғанын айта кеткен жөн.

Өз түлектерімен бірге Ыбырайдың да Әулиеатаға құда болғанын айта кетейік. Құда болып келмеді. Әйтсе де тағдырдың қосымымен Ыбырайдан қалған жалғыз түйір немере – Нағима Ыбыраева мойынқұмдық азамат Бәйдібек Амангелдиевтің жары атанды.

Ыбырайдың өзі кеткенмен, атағы мен ел алдындағы беделі Кеңес өкіметі орнаған соң, жалғыз тұяқ ұлы Абдоллаға таяқ болып тиді. 1928 жылы қазақтың ірі байларын тәркілеу, жер аудару науқаны басталғанда, Абдолла да «бай» санатына енгізіліп, туған жерден отбасымен қуылды. Өрине, бай болғаны шамалы. Айыбы – әкесінің оқу-ағарту ісіне

қосқан үлесі. Бұл кезде оның қолында 12 жасар жалғыз қызы Нағима ғана бар еді.

Жоғарыдан келген құжат бойынша олар Семейге жер аударылуы керек болатын. Алайда ол отызыншы жылдары қырғыз жеріндегі Тоқмаққа келіп тұрақтайды. Өкінішке қарай қиын-қыстау заманда қазақ даласына ашаршылық нәубәті келіп, ел аштықтан, аурудан қырылып жатқан кез. Осы тұста Абдолланың өкпесіне суық тиіп Нұрахмет Қошановтың қолында қайтыс болады. Жамбыл облысында, Қордайдағы зиратқа жерленген дейді. Бұл деректі жазушы Ақылбек Шаяхметтің құнды жазбаларынан таптым. Кейінірек сол ізбен, Ыбырай ұрпақтарының бүгінде Жамбыл жерінде тұрып жатқанын да білдім. Сәйкестік пе, тағдырдың түрткісі ме, Ыбырайдың әкесінің өліміне себепкер болған Хан Кене қаза тапқан жерде оның жалғыз ұлы да дүниеге салды.

Нағима Ыбыраева Қырғызстанда тұрмысқа шығып, алғашқы күйеуі соғыста қаза табады. Одан бала қалмайды. Отызыншы жылдары қырғыз жеріне жансауғалап барған Бәйдібек пен Нағима елуінші жылдары отау құрады. Тұңғыш перзенті Табылды дүниеге келген соң, көп ұзамай шетінеп кетеді. 1954 жылы Жұмақұл есімді қыз дүниеге келеді. Бүгінде апамыздың көзі тірі. Шу қаласында тұрады. Апамызбен хабарласқанда, есінде қалған естеліктерімен бөлісті. Бес жасқа келгенінде әкесі мен анасы елге қайтып, Мойынқұм ауданындағы Жамбыл атындағы кеңшарға көшіп барғанын айтты. Елге оралған соң, әкесі де, анасы да жұмышарда қарапайым шаруа адамы болған. Тек анасы өзінің Ыбырайдың немересі екенін дәйектеп, заң тұрғысында сол мәртебені алуы Нағима әжейге үлкен олжа болды.

Уақыт өте келе ол туыстарымен де байланыс орнатқан. Жұмақұл апамыз бала кезінде анасының жақын ағайыны Мәриям Хәкімжанованың үйінде болғанын еске алды. Нағима әжейді көзі тірісінде асылдың сынығы деп жиі кездесулерге де шақырыпты. Оның ішінде құрметтің зорын жасаған облыс басшысы Хасан Бектұрғанов екен. Оның сыйға тартқан пәтерінде ұрпақтары әлі күнге дейін тұрып келеді.

«Кеңес өкіметі кеткен соң, аласапыран кезең басталып, әркім өз басымен өмір сүріп жатты. Іздеушілер тек Қостанайдан ғана келетін болды. Тараз қаласында Ыбырай атамның есімін еншілеген №49 мектеп мұндағы дейін кездесулерге шақырып тұрды. Ыбырай Алтынсариннің 170, 180 жылдық мерейтойларында Қостанайда, Астанада ұйымдастырылған іс-шараларға ұрпағы ретінде біздерді шақырды», – дейді Жұмақұл апай.

Ол анасының Ыбырай мектебінің түлегі екенін де атап өтті. Төте жазуды да, кириллица мен латын қарпін де меңгерген әжей ескі кітаптарды еркін оқыған екен. Сондай-ақ, атасы Абдолланың жерлеу орнына қатысты: «Қордайдың жері деп айтылғанымен, анасының көрсетуі бойынша Шу өңірімен шекаралас аймақта болуы керек», – дегенді де айтты.

Анасы Мойынқұмда 1993 жылға дейін тұрған. Кейін мемлекет сыйлаған пәтерге Тараз қаласына көшіпті. Онда ұлы Дулатпен, келіні Сәлимамен бірге ғұмыр кешіп, 1998 жылы 30 наурызда 82 жасында дүниеден өткен. Ыбырай Алтынсариннің немересі Нағима Абдоллақызы Ыбыраева Тараз қаласындағы «Зеленый ковер» зиратында мәңгі сая тапқан.

Осылайша, Ыбырай Алтынсарин Жамбыл жерімен де байланысты болып шықты.

**Назым ҚОЖАМАР,  
Ш.Мұртаза атындағы Руханият және тарихтану орталығының «Дәстүр және өнер» бөлімінің меңгерушісі.**

МЕРЕЙ

# АҚБАСТАУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ӘКІМІ

## Құрманғазы Бәйменов туралы бір үзік сыр



Осыдан 20 жыл бұрын Аса ауылдық округі екіге бөлініп, Бірлесу-Еңбек және Шоқай елді мекендері Ақбастау ауылдық округін құрған болатын. Сол округтің алғашқы әкімі болып Құрманғазы Бәйменов тағайындалды. Өзі сол Бірлесудің тумасы. Орта мектепті тәмамдаған соң еңбек жолын туған ауылында, яғни «Аса» совхозында қатардағы қарапайым жұмысшы болып бастады. Содан әскер сапына алынып, азаматтық борышын өтеп қайтты. Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтын «бухгалтер-экономист» мамандығы бойынша бітіргеннен кейін аудандық мемлекеттік сақтандыру, қаржы бөлімдерінде жұмыс істеген жігіт. Бір жылдары прокуратурада, облыстық қаржы бөлімінде қызмет атқарды.

Қай қызметте жүрсе де, ол табиғаты сыйлаған кісілік қалпынан айнамады. Көпшілік оны ісіне тиянақты, ұқыпты, білімді, білікті азамат деп таныды. Жаны таза, жүрегі жылы, әрдайым адалдық пен әділдікке бейіл берген, бар қажыр-қайратын игілік жолына төсеген арлы азамат деп құрметтеді.

Әрине, қандай істі болса да, жаңадан бастау оңай емес. Екі бірдей елді мекен тұрғындарының жай-жағдайын жасау, округтің әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуін қалыптастыру тіпті де оңайға соқпайтыны айтпаса да түсінікті. Құрманғазы Таңсықұлы бұл қызметке осыны біле тұра барды. Бірақ, «туған жерге туыңды тік» деген перзенттік пейіл нәртәуекелге бел бұғызған. Сонда оның негізгі сенгені – ауылдың ақылман ақсақалдары, көпті көрген қариялары, елдің бас көтерер ілкімді азаматтары. «Келісіп пішкен тон келте болмас, не істесең де білетін, көрген-білгені бар, тәжірибелі кісімен ақылдасып істе. «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас» деген де бар балам, қашанда көптің ақылына жүгінсең, ісің алға басады», – деп отырушы еді майдангер әкесі марқұм. Құрманғазы әке өсетін ұстанды. Қандай істе болмасын, ақсақалдардан, тәжірибелі кісілерден ақыл сұраудан арланған жоқ. Соның арқасында жұмысы алға басты.

Ауыл-аймақтағы мәселелер ол білгеннен де көп екен. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін адамдардың әйтеуір бір мәселесі бар. Соны оңды шешуің, шешуге тырысуың керек. Түйіні қиын мәселе болса жоғарыдағы тиісті орындарға жүгін. Көмек сұра. Өз жеке басың үшін емес қой, ауыл, ел үшін сұраудан ұялма.

Алғашында «әр нәрсеге бола сұраншақтана бергенім жарамас» деген оймен кейбір жерде тартыншақтанатын. Сөйтсе, орынды жерінде сұрағанның, жоғары басшылықтың алдына мәселе қойғанның еш айыбы жоқ екен. Олай жасамасаң, ісіңнің алға басуы қиын.

Ақбастау ауылдық округінің әкімі қызметін атқарған сегіз

жарым жылда тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін жақсартуда қолынан келгенінше аянып қалған жері жоқ. Көпшілікпен тіл табыса жұмыс істеді.

Ол ауылдықтар үшін биліктен сұраудан тартынған жоқ. Тұрғындардың негізгі күнкөрісі қорасындағы азын-аулақ малы мен есік алдындағы бейімделе бастаған азаматтардың шаруасын ілгері бастыру үшін мемлекеттен жеңілдетілген несие алу жайы да назардан тыс қалған жоқ. Кәсіпкерлікпен айналысуға ниет білдіргендерге қолдан келгенше қолдау жасады. Заман талабына сай уақыт көшіне ілескендер еңсесін тіктеп, тірлігін жолға қойып жатты. Ауылдардағы әлеуметтік нысандардың халыққа қалыпты қызмет көрсетуі бірінші кезектегі іс болды. Қол жеткізген жақсы нәтижелер де бар. Мысалы, облыстағы іргелі кәсіпорын «КнауфГипсТараз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің демеушілігімен ауылда жаңадан дәрігерлік амбулатория салынды. Мектептердің ағымдағы жөндеуден өтуіне де қол жеткізді. Ауылда табиғи газ құбыры тартылып, тұрғындар «көгілдір отын» тұтынды. Сол сияқты, тұрғындар таза ауызсу игілігін көре бастады. «Мен істедім дегенше, ел істеді десейші» дегендей, көп тірліктер ауылдағы ілкімді азаматтар арқасында жүзеге асып жатты.

«Тұрмыс көңілді болса, еңбек өнімді» деген де бар, адамдардың рухани байлығын арттыруға әсер ететін іс-шаралар ұйымдастыру да ұмыт қалған жоқ. Әсіресе, жалпыұлттық мереке – Наурыз мейрамында тұрғындардың қатысуымен қызықты іс-шаралар өткізуге көп көңіл бөлінді. Кенестік солақай саясат салдарынан діни сипат беріліп ұзақ уақыт тойланбай қалып, қайта оралған бұл мерекеде ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жаңғыртылып, жаңа көрініс тапты. Сол сияқты, Халықаралық әйелдер

күні, Жеңіс күні, Қарттар күні, Тәуелсіздік күні мерекелері атаусыз қалған емес. Ол мерекелерде қарттарға, көпбалалы аналарға, ауылдың сыйлы азаматтарына сый-сияпаттар жасалып, төрден орын берілді. Мерекелердегі іс-шаралардың ұлттық сипат алуына ерекше көңіл бөлінгенін атап айтуымыз керек. «Басшы – біреу, қалғаны – тіреу» ұстанымындағы Құрекең осы іс-шаралардың барлығында көпке арқа сүйейтін. Одан ұтпаса, ұтылған жоқ.

Бүгінде жетпістің ауылына ат басын бұрған Құрманғазы – зейнеткер. Дегенмен, қол қусырып қарап отыру – оған жат. «Нұрбол» шаруа қожалығын ашып алған. Бүгінде бұл шағын агроқұрылымының тізгіні ұлдары Тұрсынғазы мен Нұрболдың қолында. Құрманғазы – балаларының ақылшысы.

Отан отбасынан басталады. Отбасында береке болмағанның өмірі мерекелі болмайтынын айтып жату артық. Құрекең – шаттық орнаған шаңырақтың отағасы. Ол Таңсық ақсақал мен Бүбізия ападан үшеу еді: Нұрғазы, Гүлжаһан және Құрманғазы. Алланың ісіне адамның шарасы жоқ, ағасы Нұрғазы жастай дүниеден озған. Әкпесі Гүлжаһан – үйлі-баранды ана.

Құдай қосқан қосағы Зағида екеуі қарашанырақтың түтінін тұзу шығарып, Құдайдың берген Тұрсынғазы, Гүлнұр, Нұрбол атты перзенттерінен немерелер сүйіп отыр. Зағида облысқа танымал кәсіпкер Анар Бексұлтанованың тігін цехында жұмыс істейді. Негізінен ұлттық ою-өрнектермен нақышталған көрпе, көрпешелер, жастықтар тігеді. Цех басшысы Анар – қоғам белсендісі, облыстық мәслихаттың депутаты.

Жұмысының жемісті екенінің белгісі ғой, Зағида жуырда облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Кезінде әртүрлі жауапты қызметтер атқарған азамат, бүгінгі 70 жасында бейнетінің зейнетін көріп отырған Құрманғазы Бәйменов туралы әзірге айтпағымыз осы.

Марат ҚҰЛИБАЕВ,  
журналист.

ТҮРСЫНХАН МҮСІРӘЛИЕВ – 90

Жаны ізгі адамдар өмірді нұрландырады, артына ғибратты із қалдырады. Олардың әр ісінде, әр сөзінде тағылым бар. Сондай баршаға үлгі болған атпал азаматтардың бірі – Жамбыл облысы мен Жамбыл ауданының Құрметті азаматы Тұрсынхан Мүсірәлиев болатын.

# ЕСІМІН ЕЛ АРДАҚТАҒАН ТҰЛҒА



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

ұйымдастырылды.

Аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы Нұрипа Манабаева жүргізген рухани шарада кітапхана библиографы Агерке Мамашариева Тұрсынхан Бейсебайұлының өмір жолы мен қоғамдық қызметі турасында мазмұнды баяндама жасады. Оның айтуынша, Тұрсынхан Мүсірәлиев – елдің бірлігі мен өркендеуіне елеулі үлес қосқан тұлға. Ол саналы ғұмырын туған елінің өсіп-өркендеуіне арнап, халықтың алғысына бөленген арда азамат. Оның еңбекке толы өмір жолы, елге сіңірген қызметі – бүгінгі ұрпаққа өнеге, кейінгі буынға рухани мұра. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді дана халқымыз. Ел жадында сақталған азаматтың өнегелі өмірін ұлықтау – баршамыздың парызымыз.

Тағылымды кеште аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев, кеңес мүшесі Ералы Қуатов, мәдениет мейрамханасы Сарсенбай Күзрбаев, аудандық билер кеңесінің төрағасы Батыр Саршаев, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Сансызбай Махамбетқұлов Тұрсынхан Бейсебайұлының өнегелі өмір жолына тоқталып, еңбегі мен рухани мұрасы жайында салмақты сөз сабақтады. Оның іскерлігі мен еңбексүйгіштігін, ірілігі мен кеңпейілдігін айрықша атап өтті.

Айтулы шараға келген өзге де қонақтар қоғам қайраткері туралы естеліктерімен бөлісіп, оның адами болмысы, азаматтық келбеті мен ел игілігі жолындағы еңбегі жайында келелі әңгіме өрбітті.



Соңы. Басы 1-бетте

## БІРІНШІЛІК ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Дүйсенбі күні аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова біріншілік жүлдегерлері Байтанағали Төлентаев пен Мәмбет Сүгірбековті арнайы қабылдады. Оларды алған жүлдесімен құттықтап, ізгі тілегін арнады.

– Үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылып жатқан жарысқа қатысып, іріктеуден іркілмей өтіп, жүлделі оралғандарыңызға қуаныштымын. Дәстүрлі турнирде топ жарып жатсаңыздар, бұл ауданға абырой. Жартылай сыннан сүрінбей өтулеріңізге тілектеспін. Жеңісті жол жалғасады деген сенімдемін.

Сәттілік тілеймін, – деді Махпал Сатыбалдықызы.

Қабылдауда аудандық мәслихаттың төрағасы Мұхтар Шайдаев, аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қуат Ошақбай жүлдегерлерге жылы лебіздерін жеткізіп, алдағы жарыста жеңіске жетулеріне тілектестігін білдірді.

Өз кезегінде біріншілік жүлдегерлері аудан басшылығына елестеріп, арнайы қабылдағаны үшін ризашылықтарын жеткізіп, алғыс айтты.

Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

# Қазақ басылымындағы интеллект

Шұғыла АҚШАБАЙ



Жасанды интеллекттің өмірімізге енгеніне көп болған жоқ. Түрлі таңғалатын дүниелер қолынан келетін бұл интеллект біршама жұмысты жеңілдетіп отыр. Мәселен, арнайы сурет керек болса, қалағаныңызды жасап береді. Мәтін қажет болса, оған шығару керек болса, ол да қолынан келеді. Тіпті жасанды блогерлер әртүрлі әлеуметтік желілерді басқарып, халықтың көзайымына айналған. Өмірімізді жасанды интеллект басқармасын деп түрлі материал да жазды. Сараптап та көрдік. Зерттедік. Зерттедік. Жаһандық жаңалықтардан қалмау, ілесу бүгінгінің миссиясына айналғандай.

Журналистика саласындағы жасанды интеллекттің рөлі қандай? Әлемнің жөні бір бөлек, өзіміздің елде ше? Әлемдік газеттер мен жасанды интеллекттің байланысы – қазіргі журналистика мен ақпараттық индустрияның маңызды трендтерінің бірі. Ол ақпаратты жинау, өңдеу, тарату және тұтынушыларға жеткізу процесін түбегейлі өзгертуде. Бұл салада болып жатқан өзгерістер мен инновациялар қандай?

Әлемдік газеттердің күнделікті жұмысында жасанды интеллекттің әсері барған сайын айқындалуда. Бұл әсіресе автоматтандыру мен деректерді талдауда үлкен рөл атқарады. Ақпаратты жылдам жинау, өңдеу және тұтынушыларға жеткізу процесі дәстүрлі түрде адамның қолымен жасалған жұмысты алмастырады. Әсіресе соңғы жылдары әлемдік басылымдар өз мақалаларын жазу, жаңалықтарды жариялау, оқырмандардың сұраныстарына жауап беру үшін жасанды интеллект технологияларына жүгінуде. Жасанды интеллект негізіндегі алгоритмдер мен деректерді талдау жүйелері газеттерге ақпаратты өңдеуде тиімділік пен жылдамдық береді. Газет саласында жасанды интеллекттің қолданылуы екі негізгі бағытта, яғни контент өндірісі мен оқырмандармен байланыс арқылы дамып келеді.

Газеттер мен жаңалықтар порталдары ЖИ технологиясын пайдалану арқылы ақпаратты жинауды, сұрыптауды және жариялауды оңтайландырады. ЖИ технологиясы ақпаратты жинау және жазу үшін алгоритмдер мен деректерді талдауды қолдана отырып, журналистерге үлкен көлемдегі ақпаратты жылдам өңдеуге мүмкіндік береді. Бұл үрдіс әсіресе жаңалықтардың жылдам әрі тұрақты түрде жаңартылуы қажет болғанда тиімді. Мысалы, АҚШ, Ұлыбритания, Қытай сияқты дамыған елдерде қолданылатын AI құралдары үлкен көлемдегі ақпаратты жинап, оларды оңтайлы түрде топтастырып, жаңалықтар мақалаларын қысқа мерзімде әзірлеуге, жаңалықтарға арналған қысқаша шолуларды құруға көмектеседі. Бұған мысал ретінде американдық The Washington

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Цифрлық елге айналу мақсат еткен ел үшін бұл – стратегиялық жоспарды орындауға деген нақты қадам. Президент «Turkistan» газетіне берген сұхбатында: «Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл – қазіргі жаңа технология дәуірінде өркениетті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Қазақстан да экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектіні енгізуге басымдық беріп жатыр. Еліміздің бұл жұмысқа қатысты бастапқы мүмкіндіктері жаман емес», – деді.



Post газетінің Heliograf атты автоматтандырылған жүйесін келтіруге болады. Heliograf жаңалықтарды жазуда қолданылатын арнайы алгоритмге ие.

Жасанды интеллекттің газеттер мен жаңалықтар платформалары үшін маңызды қолданылу саласы – оқырмандармен байланыс. ЖИ жүйелері оқырманның қызығушылығы мен қажеттілігіне негізделген жеке ұсыныстар мен мазмұнды ұсынады. Мәселен, жаңалықтарды реттеу, жаңа контентті ұсыну, сондай-ақ оқырмандардың сұрақтарына жауап беру үшін чат-боттар мен виртуалды көмекшілер қолданылады. The New York Times және The Guardian сияқты ірі басылымдар өздерінің веб-сайттарында оқырмандарға жеке жаңалықтар ағынын ұсыну үшін жасанды интеллект қолданады. Бұл арқылы газеттер аудиториясының назарын тарту, оқырмандардың адалдығын арттыру және тұрақты оқылымды қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие.

Жасанды интеллект жүйелері жеке қызығушылықтарды ескере отырып, мақалалар мен жаңалықтар бойынша алгоритмдер арқылы арнайы ұсыныстар жасап, оқырмандарға мазмұнды нақты әрі қызықты түрде ұсынады. Сонымен қатар, газеттер мен жаңалық порталдарының әлеуметтік медиа платформаларымен байланысы да ЖИ-дің көмегімен жүзеге асады. ЖИ оқырмандардың пікірлерін, реакцияларын және тіпті эмоцияларын бақылай отырып, мазмұнды жетілдіруге көмектеседі.

Деректерді жинау мен оларды талдауда жасанды интеллект маңызды рөл атқарады. Жиі жаңартылатын ақпараттар, статистикалық деректер және оқырмандардың пікірлері сияқты үлкен көлемдегі мәліметтерді өңдеу үшін ЖИ технологиялары газеттерге

үлкен артықшылықтар береді. Журналистер мен редакторлар ақпаратты жылдам алып, осы деректерді негізге ала отырып, мақалалар мен репортаждарды түзету, жаңа тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігіне ие болады. Бұл үдеріс әсіресе саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңалықтарды талдауда маңызды. Жасанды интеллекттің арқасында журналистер оқырмандарға дәлірек және егжей-тегжейлі ақпаратты ұсынып, әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді салыстыра алады.

Интеллекттің газет саласына енуі бірқатар этикалық мәселелерді де туғызады. Мәселен, ақпаратты тексеру, жалған ақпарат тарату және алгоритмдер арқылы жасалған материалдардың дұрыстығы туралы сұрақтар туындауы мүмкін. Сонымен қатар, жеке деректер мен құпиялылықты сақталуы да үлкен алаңдаушылық тудырады.

Журналистика саласында ЖИ технологияларының қолданылуы жасанды жаңалықтардың немесе манипуляцияланған контенттің таралуына әкелуі мүмкін. Сондықтан газеттер мен ақпараттық платформалар жауапкершілікпен, этикалық стандарттарға сай жұмыс істеу үшін жаңа ережелер мен басқару жүйелерін енгізуге міндетті.

Қазақстандағы газеттер мен ақпараттық алаңдарда жасанды интеллекттің дамуы соңғы жылдары біртіндеп байқалып келеді. Әсіресе цифрландыру мен жаңа технологиялармен байланысты өзгерістер ақпараттық секторға едәуір әсер етті. Бірақ бұл үдеріс әлі толық қалыптасып, кеңінен тарала қойған жоқ. Дегенмен, Қазақстанда ЖИ технологияларының газеттер мен медиа саласындағы қолданылуы бірқатар маңызды аспектілерде дамып келеді.

Елдегі газеттер мен жаңалық порталдары ЖИ құралдарын ақпаратты өңдеу және жаңа контент жасау үшін қолдана бастады. Ірі жаңалық порталдары мен онлайн-ресурстар деректерді жылдам жинау және ақпараттық шолулар жасау үшін автоматтандырылған жүйелер мен алгоритмдерді пайдаланады. Жасанды интеллекттің арқасында бұл ресурстар оқырмандардың сұраныстарына нақты жауап ұсына алады. Мәселен, қазақстандық ірі ақпараттық агенттіктер мен газеттер өз мақалаларын жазуда және жаңалықтарды жариялауда автоматтандырылған жүйелер мен деректерді талдау құралдарын қолдануға тырысады. Бұл арқылы ақпараттық материалдарды тез арада дайындап, жариялауға мүмкіндік беріледі.

Қазақстандық газеттер ЖИ негізіндегі контент жасауда да біршама тәжірибе жинақтауда. Кейбір басылымдар мен онлайн-журналдар жаңалықтарды жасау үшін деректерді талдау жүйелерін қолданады. Бұл әсіресе жаңалықтар мен ақпараттарды жиі өзгертіп отыруды талап ететін салада тиімді. Газеттердің басым көпшілігі арнайы бағдарламалар арқылы оқырмандарға ұсынатын контентті, оның ішінде экономикалық, саяси және әлеуметтік жаңалықтарды алдын ала жүйелеп, топтастырып, оларды уақытында жеткізеді.

Қазақстанда газеттер ЖИ арқылы оқырмандармен өзара әрекеттесуді жақсартуға ұмтылуда. Жасанды интеллекттің көмегімен газеттер өз оқырмандарына жеке ұсыныстар жасап, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеретін контент ұсынуды мақсат етеді. Әсіресе интернет-ресурстар мен әлеуметтік медиа платформалары арқылы оқырмандарға жаңалықтар топтамаларын, мақалаларды және арнайы ұсыныстарды жолдап отыр.

Қазақстандағы кейбір ірі

порталдар мен жаңалықтар сайттары чат-боттарды енгізуде. Бұл чат-боттар оқырмандардың сұрақтарына жауап беріп, сайттағы материалдар бойынша ақпарат ұсынады. Осылайша, газеттер мен порталдар оқырмандардың белсенділігін арттырып, қарым-қатынасын жақсартып отыр.

Жасанды интеллекттің үлкен қолданылу саласы – деректерді талдау және аналитика. Қазақстандағы газеттер мен жаңалық агенттіктері ақпаратты жылдам жинау үшін үлкен деректерді пайдаланып, оларды өңдеуде ЖИ жүйелерін қолдануда. Әсіресе саясат, экономика және әлеуметтік саладағы жаңалықтар үшін бұл әдіс тиімді. Деректерді талдау арқылы басылымдар жаңа тақырыптарды көтеруге, оқырмандардың назарын аудартуға және өзекті мәселелерді жариялауға тырысады. Мысал ретінде Tengrinews.kz, Kazinform сияқты жаңалық порталдарының ақпаратты талдаудағы жаңа әдістерін келтіруге болады. Олар ақпаратты жинап, оны өңдеу үшін цифрлық құралдар мен аналитикалық платформаларды белсенді қолданады.

Жасанды интеллекттің қолданылуы журналистика саласында белгілі бір этикалық мәселелерді тудыруы мүмкін. Автоматтандырылған жүйелердің жазған мәтіндер мен жаңалықтардың дұрыстығы, адами бақылаудың болмауы сияқты мәселелер бар. Қазақстандағы газеттер ЖИ арқылы ақпаратты өңдеу кезінде платформалардың этикалық жауапкершілігіне назар аудару керек. Әсіресе жалған ақпарат пен манипуляцияның алдын алу қажет. Бұған байланысты Қазақстанда жасанды интеллект қолдану бойынша ережелер мен заңдар әзірлеу мәселесі де күн тәртібінде тұр. Мұндай мәселелерді шешу үшін елде медиа және ақпараттық заңнамаларға өзгерістер енгізу қажет болуы мүмкін.

Қазақстандағы газеттер мен ақпараттық алаңдарда жасанды интеллекттің қолданылуы әлі де даму кезеңінде. Бірақ қазір бұл технологиялар ақпараттың жылдамдығы мен тиімділігін арттыруға көмектесіп, жаңалықтар саласында жаңа мүмкіндіктерді ашады. Болашақта ЖИ технологияларының арқасында қазақстандық медиа саласы жедел әрі интерактивті контент ұсынуды жалғастырады. Бірақ бұл өзгерістерді этикалық және заңды тұрғыдан дұрыс реттеу маңызды болып қала береді.

Жасанды интеллект – жаһандық өзгерістің таңғажайып құралы. Ал оның әлемдік газеттер мен жаңалық платформаларына берер әсері көп. Әрі келешегі кең. Журналистика саласында ЖИ құралдарының қолданылуы ақпаратты жинау, өңдеу және тарату үрдістерін айтарлықтай жылдамдатып, оларды әлдеқайда тиімді етуге мүмкіндік береді. Алайда бұл технологияның бірқатар этикалық мәселелері мен қауіптері де бар екенін ұмытпаған жөн. Жасанды интеллекттің дамуы болашақта журналистика мен баспасөз саласын түбегейлі өзгерту мүмкін. Бірақ бұл өзгерістер жауапкершілік пен бақылауды қатаң талап етеді.

## БАЙҚАУ

# Әжелер – ұрпақ тәрбиесінің алтын діңгегі

Ақ кимешегімен алыстан Алатаудай көрінетін ақжаулықты әжелерімізде кешегі ата-бабаларымыздан қалған сарқыт бар. «Қарқара жаулық, кимешек, жырға өзек болған, күйге сеп» деп ақындарымыз жырлағандай, кимешегін кірлетпей, көңіліне кір шалдырмай жүрген сол ақ самайлы аналарымыз жуырда өнер бәсекесіне түсті. Отбасы күніне орай аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өрнек тапқан «Ал, кәнекей әжелер!» атты аудандық байқау қызықты өтті.



Өз қолымен дайындаған колөнері бұйымдарын көрсетіп, әрқайсысына түсініктеме берді. Лэд экраннан нөмірленген сұрақтарды тандап, салт-дәстүр, әдеп-ғұрыпқа байланысты сауалдарға тұщымды жауап қайтарды. Әжелердің отбасындағы, қоғамдағы рөлі турасында келелі әңгіме өрбітіп, бала тәрбиесіне қатысты өмірлік кеңестерін тілге тиек етті.

Аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Сансызбай Махамбетқұлов, аудандық орталық кітапхананың директоры Аида Қалисаева, аудандық аналар алқасының

## Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Баласын қанаттандырып, немере мен шөбересін баулып отырған ардақты да өнерлі әжелер «Мен әжемін, ұрпағын тәрбиелеген», «Он саусағынан бал тамған өнерлі әже», «Әже – ұлт ұйытқысы», «Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі» атты төрт кезең бойынша сынға түсті. Қара өлең жолдары арқылы өздерін таныстырды. Жанды дауыспен халық әндерін нақышына келтіріп орындады.



төрайымы Гүлмира Бектембаева қатысушылардың өнерін сараптап, бағалады. Қазылар алқасының шешімімен Аса ауылдық округінен келген Шария Махажанова бас жүлдені, Тоғызтарау ауылдық округінің тұрғыны Күлшакира Тазабекова бірінші орынды иеленді.

Әжелер – ұрпақ тәрбиесінің алтын діңгегі, отбасының берекесі, тәрбиенің бастауы. Руханияттың өрінде, өнегелі өміріміздің төрінде тұрған әжелеріміздің қоғамдағы орны ерекше, парқы мен нарқы салмақты. Айтулы шарадан түйген пайымды ой осы.

## ХАБАРЛАНДЫРУ



## «Merейли отбасы» ұлттық конкурсы

**«Merейли отбасы-2026» Ұлттық конкурсының аудандық кезеңіне 15 мамыр-15 маусым аралығында өтініштер қабылдау жүргізіледі.**

Конкурстың ұйымдастырушысы – Жамбыл ауданының әкімдігі.

Конкурсқа қатысуға өтініш мынадай құжаттармен қоса беріледі:

1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның кәметке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;

3) неке кию туралы куәліктің көшірмесі;

4) ата-аналарының біреуі

қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

5) балаларды тәрбиелегені үшін мадақтаулардың, белгілі бір жетістіктері үшін алған мадақтаулардың бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екеу);

7) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8) қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) (бар болса) қатысуды растайтын құжаттардың көшірмелері.

Толық ақпаратты Жамбыл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінен немесе аудан әкімдігінің ресми сайтынан алуға болады.

Анықтама телефоны: 87056429219.

## Национальный конкурс «Merейли отбасы»

**С 15 мая по 15 июня принимаются заявки районного тура Национального конкурса «Merейли отбасы-2026».**

из родителей (при наличии);

5) копий документов, свидетельствующих о наличии поощрений за воспитание детей, поощрений за определенные успехи;

6) рекомендательных писем от юридических и (или) физических лиц (не менее двух);

7) копий документов, подтверждающих трудовые, спортивные, творческие, интеллектуальные, научные достижения членов семьи;

8) копий документов, подтверждающих участие в общественно-полезной деятельности (волонтерство, благотворительность, меценатство, наставничество) (при наличии).

Полную информацию можно получить в отделе внутренней политики акимата Жамбылского района или на официальном сайте акимата.

Телефон для справок: 87056429219.

Организатором конкурса является акимат Жамбылского района.

Заявка для участия в конкурсе подается вместе со следующими документами:

1) копий документов, удостоверяющих личность родителей (опекунов, попечителей), копий свидетельств о рождении детей;

2) копии выписки из решения местного уполномоченного органа об установлении над несовершеннолетним ребенком опеки (попечительства) – для приемных (опекунских) семей;

3) копии свидетельства о заключении брака;

4) копии свидетельства о смерти, в случае смерти одного



МЕНШІК ИЕСІ:  
«Шұғыла-Радуга» газеті  
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:  
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей  
байланыс: 87765549701

Бас редактордың  
орынбасары:  
Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ  
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ  
Шұғыла АҚШАБАЙ  
Құрбанәлі Шахабай  
Жұматай Көксубайұлы  
Ғалия АЛИЕВА

87059774177  
87474240395  
877770284244  
87788758489  
87088419629  
87075853423

Дизайнер-теруші:  
Бас редактордың  
орынбасары:  
Тілшілер:

2-20-24  
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде  
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.  
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,  
жарнама мазмұны үшін жауап  
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап  
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті  
редакциясында компьютерде теріліп,  
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам  
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.  
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3058 Тапсырыс №364

Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Газет аптасына 2 рет,  
сәрсенбі, жұма күндері  
шығады.  
Газета выходит 2 раза в  
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:  
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:  
Индексі 080200, Аса ауылы,  
Абай көшесі 78-үйі.